

**Б.А. Таңсықбаева<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ. Қазақстан,  
tansykbayeva\_bakhyt@mail.ru

**ҮШТІЛДІЛІК – ЖАҢА ЗАМАН СҰРАНЫСЫ**

**Андатпа.** Мақалада Қазақстан Республикасындағы үштілді білім беру жүйесін енгізуге байланысты туындаған мәселелер қарастырылған. Қазақстанның әлемдік мәдени ортаға енуіне байланысты көптілді білім беру мәселесі туындады. Мемлекет тарапынан үштілді білім беру жүйесін енгізудің жобасы ұсынылды. Бұл қоғамда әр түрлі пікірлерді туғызды. Мақалада үштілді білім беру саясатының жетістігі мен кемшілігі анықталып, мемлекеттің жаңа тілдік саясатын жүзеге асырудағы қиыншылықтарын шешу мәселелері талданады.

**Аннотация:** В предлагаемой статье рассматривается проблема триязычного образования на современном этапе в Казахстане в условиях глобализации мира. Вступление Казахстана в мегакультурный мир потребовало внедрения на его пространстве полиязычного образования. Однако введение полиязычного обучения вызвало ряд проблем. Статья рассматривает трудности внедрения полиязычного образования и пути решения проблем по реализации новой языковой политики государства.

**Abstract:** The proposed article deals with the problem of multilingual education at the present stage in Kazakhstan in conditions of globalization of the world. Kazakhstan's entry into the mega-cultural world required the introduction of multilingual education on its territory. However, the introduction of multilingual education caused a number of problems. The article examines the difficulties of introduction of multilingual education and ways to solve problems on the implementation of the new language policy of the state.

**Түйінді сөздер:** әлемдік жаһандану, жоғары оқу орындары, тіл саясаты, білім деңгейі, көптілді білім беру, академиялық ұтқырлық, тіл мәртебесі, маман даярлау, үштілді білім беру, экономикалық жағдай, мектеп.

**Ключевые слова:** глобализация мира, высшее учебное заведение, языковая политика, уровень знаний, полиязычное образование, академическая мобильность, статус языка, подготовка кадров, трехязычное образование, экономическое состояние, школа.

**Keywords:** world globalization, higher education institution, lingual policy, knowledge level, multilingual education, academic mobility, the status the language, training personality, trilingual education, economic condition, school.

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Елімізде тұратын 135-тен астам халық бірлік пен татулықта өмір сүріп жатыр. Әрбір ұлт өкілдері өз тілдерін, салт-дәстүрін сақтап қалуы үшін барлық жағдай жасалуда. Оны елбасымыз да жиі еске салып отырады: «Біз көпұлтты қоғамбыз. Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың тілін, мәдениетін және салт-дәстүрін дамытуға барынша жағдай жасауды алдыңғы уақытта да жалғастыра беретін боламыз»[1, 24].

Бұл көпұлтты мемлекетке тән құбылыстың бірі – тілдер гармониясы. Тілдер гармониясы дегеніміз – тілдердің үйлесімде бірлесіп өмір сүруі. Ұлттардың бір-бірінен тілдік айырмашылығы олардың кеңістіктегі гармониялық бірлігін де қамтамасыз етеді. Дүниенің сұлулығы, табиғаттың кереметі – ондағы сан алуан түстердің гармониясы болуымен құнды десек, адамзаттың рухани әлемнің байлығы – әртүрлі ұлт мәдениеті мен ұлт тілдерінің гармониялы дамуымен де ерекше. Көптілділік – жеке адамның не қоғамның екі тілден аса тілді алма-кезек қолдануы[2]. Әдетте, кез келген бірнеше тілді меңгерген

адамды қазақша “көптілді” адам дейді, шетел тілдерінде мұндай адамды “полиглот”(грек. Poly glottos; poly “көп” және glotta “тіл” деген екі сөзден біріккен сөз) дейді.

Сондықтан адамзаттың қашанда көзі ашық, көкірегі ояу азаматтары көптілді білумен басқалардан көш ілгері болған. Бұл пікірдің мысалы ретінде Ұлы Тұран даласының перзенттерінің бірі емес, бірегейлері Әбу-Насыр әл-Фараби өмірінде 76 ұлттың тілің білсе, өр рухты дауылпаз ақын Махамбет бабамыз бен қазақтың бір туар ұлы Шоқан да бірнеше тілді жетік білгенін білеміз. Ұлы Абай орыс-қазақ тілдерімен қатар, парсы, араб тілдерін меңгерген. Орыс тілін орта жастан асып барып, өз бетінше меңгергеніне қарамастан ұлы жазушылар мен ойшылдардың шығармаларынан бойына нәр, жанына қуат алғанын байқау қиын емес. Ал, бүгінде жаһандану процесі ғарыштап дамып отырған заманда халықаралық тілдерді меңгермеу – ұлтқа зиян, болашаққа балта кесу деген болар едім. Міне, сондықтан да көп тіл білу – заман талабы деген пікірмен келісуге болады. Таяқтың екі ұшы бар демекші, қандас бауырларымызды көбірек толғандыратын сауал – қазақ тілінің осы саясаттағы орны, яғни сұранысқа ие болмай, қолданыстан шығып қалмай ма? деген ойлар болуы да заңды. Тілді қолданатын бүкіл қазақтың саны 12-15 миллионнан аспайтынын ескерсек, әрі мемлекеттік мәртебеге күні кеше ие болып, енді-енді етек-жеңін жинап, қолданыс аясын кеңітіп келе жатқанда бұл мәселеге үрке қарауы да заңды екенін ұмытпаған жөн болар.

Әр тәуелсіз мемлекеттің ерекше белгілерінің бірі – мемлекеттік тілі. Конституцияның 7-бабында тілдер туралы айтылады: 1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. 2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. 3. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды. Байқап отырсақ, мемлекеттік тіл мәртебесі қазақ тіліне берілгенімен, орыс тілі тең дәрежеде деп есептелді. Соңғы жылдарға дейін қолданыстағы тілдерге келгенде оның басымдылығы байқалуда. Мемлекеттік мекемелерде, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында да іс-қағаздар орыс тілінде жүргізілгені белгілі. Қазір де орыс тілінде іс жүргізіп жүрген мемлекеттік мекемелер бар. Орыс тілі көптеген жылдар бойы мемлекеттік тілмен салыстырғанда басым қолданыста болғаны баршаға аян. Қазақстан халқының 90% орыс тілін жетік меңгерген. Мемлекеттік статуска ие болып, заңдармен бекітілгеніне қарамастан қазақ тілінің жайы әлі де болса өз дәрежесінде қолданысқа ие болды деп айтуға келмейді. Осыған орай мемлекеттік тілдің қызметін арттыру үшін түрлі бағдарламалар, жобалар қабылдана бастады. Солардың бірі – «Үштілділік» мемлекеттік бағдарламасы. Бастауын елбасымыз Н.Ә.Назарбаев салып берген бұл бағдарлама қазақ тіліне үлкен басымдылық беріп отыр. Ол мемлекеттік тілдің қызметінің артуына баса назар аударып, 2025 жылы қазақ тілін білетін жалпы халықтың көрсеткіші 95% құрауы керектігін айтады: «Тіл Қазақстан халқын біріктіруші болуға тиіс. Бұл үшін тіл саясатын салауатты және дәйекті, қазақстандықтар сөйлесетін бірде-бір тілге қысым жасамай жүргізу керек. 2025 жылға қарай қазақстандықтардың 95 пайызы қазақ тілін білуге тиіс. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналуы тиіс. Осылай тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйымдастыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі» [1, 5] деген болатын. Ендеше, көптілділік немесе қазір өзіміз қарастырып отырған үштілділік мәселесіне ана тіліміздің тамырын кеспейтініне, қайта қанатын кеңге жайып, қолданыс аясын кеңейтетіне сенуіміз керек және ол солай да!

Үштілділік – заман талабы. Олай дейтініміз, бірнеше тілді қатар оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең қажеттілік. Бұл білім саласындағы саясаттың негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік анықтауға қабілетті мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру.

Үштілділік жөніндегі сөз Елбасымыздың: “Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар - қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі” - деген салиқалы үндеуінен бастау алған болатын. Сонымен қатар, Елбасының “... мектептерге ағылшын тілінен шетелдік оқытушыларды тарту қажет. Кез келген ортанқол мектептің балаларға ең жоғары деңгейде шет тілін оқып үйренуіне жағдай жасайтындай дәрежеге қол жеткізуіміз міндет” [1] - деп ерекше атап көрсеткен.

Үштілділік - нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісінде қажет болған жағдайда үш түрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы. Біз үштілділікті тәуелсіз еліміз үшін стратегиялық мәні ерекше құбылыс деп бағалау қажет. Бұл құбылыстың көптілділіктен айырмашылығы бар. Үштілділіктің кез келген сыңары ретінде кез келген шет тілін алуға болар еді, алайда қоғамның нақты сұранысы басым түскен қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне ерекше мән берген жөн деп түсінеміз [3].

Бүгінгі таңда мемлекетімізде үштілділік мәселесін жүзеге асыру қажет деп танылып, көптеген жұмыстар жүргізіліп те жатыр. Үкімет тарапынан түрлі жобалар қаржыландырылып, балабақша, мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейін осы мәселені шешудің түрлі шаралары белгіленіп, жоспары нақтыланыланып басталып та кетті.

«Үштілділік» бағдарламасының негізінде қазақ тілі орыс тілі ағылшын тілдерін меңгеру көзделуде. Орыс тілін білу – тарихи артықшылығымыз. Орыс тілі арқылы қазақстандықтар бірнеше ғасыр бойы қосымша білім алып, ел ішінде де, шет жерлерде де өз дүниетанымындары мен араласатын орталарын кеңейтіп жатыр. Ағылшын тілін меңгеру – жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһанданудың кепілі. Мемлекеттік тіл саясатында белгіленгендей Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде, яғни қазақ тілі – болашақтың тілі. Өзге ұлт өкілдерінің тілдерін оқып-білуге, үйренуге жағдай жасау арқылы әр тілдің өзіндік ерекшелігін білеміз, салт-дәстүрімен таныс боламыз. Тілдердің функциясын арттыруға бағытталған бағдарламалардың бірі – «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». Жобаны дайындаған М. Құл-Мұхаммед бағдарламаның басты мақсаты: қазақ тілінің мәртебесін көтеру; мемлекеттік мекемелерде іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізу; ағылшын тілін меңгерту; орыс тілін жетік білу; әр ұлттың тілдерін дамыту, оларды сақтап қалуға мүмкіндік жасау; тілдер гармониясының бірлігіне жол ашу. Жобаның іске асу мерзімі: бірінші кезең: 2011-2013 жыл; екінші кезең: 2014-2016 жыл; үшінші кезең: 2017-2020 жыл деп нақтыланған. Жобаның қорытындысы: мемлекеттік тілді меңгерген мектеп бітірушілер - 100%; мемлекеттік тілді меңгерген жалпы халық саны - 95%; мемлекеттік мекемелерде іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізу - 100%; Республикамыздағы орыс тілін меңгерген азаматтардың үлесі - 90%; ағылшын тілін меңгерген халық үлесі - 20%; өз тілдерін меңгерген өзге ұлт өкілдері - 30%. Үш тілді жетік меңгергендер жалпы халықтың 20%-ын құрауы керек деп белгіленген. Бүгінгі таңда іс шаралар басталып та кетті. Жобада қазақ тіліне көбірек мән беріліп отыр. Бұны басымдылық деп айту қиын. Бұл қазақ тілін білетін азаматтардың аздығынан туындаған көрсеткіш. Мемлекеттік тілді меңгеру – басты бағыт. Келер он жылда мектеп бітіруші түлектеріміз 100% қазақ тілін меңгеруі керек деген талап қойылды. Оны жүзеге асыру отбасы мен мектепке міндет. Отбасында бала әке-шеше тарапынан тәрбие мен тәлім алса, мектепте ғылым мен білімді бойына сіңіреді. Оларды үйлесімде қазақ тілінде меңгерту қажет. Сонда ғана қазақша сөйлейтін, яғни қазақша ойлайтын қоғам қалыптасады [4]. Мұндай қоғамды қалыптастыруда білім жеру жүйесінің алатын орны ерекше болмақ. Осы орайда жоғары оқу орындарының ролі қандай болмақ, жобаны іске асыруда қандай шаралар жүргізуіміз керек деген мәселе туындайды. Болашақ

маманның өз саласына қатысты соны жаңалықтарды ізденуі, танысуы үшін ағылшын тілін жетік меңгеруі көзделсе, орыс тілі арқылы кезінде Кеңестер Одағы саналған мемлекеттер арасындағы байланыс пен тәжірибе алмасуды көздеген бағыт жүзеге асырылады. Ал, енді қазақ тілін білу арқылы мемлекетіміздің әр азаматының бойын да, ойына да Отаншылдық қасиетті қялата отырып, елінің әлеуметтік-саяси жағдайы мен мәдениетін ғана емес, ең алдымен экономикалық жағдайын көтеру көзделіп отыр. Еліміз бен жерімізге ие болатын жастар үш тілді де қатар меңгеруі тиіс. Бірақ бұл үш тілдің тұғыры бірдей деген сөз емес. Қазақстанда бір ғана тұғырлы тіл бар, ол мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Тұғыр сөзі дінгек, қазық деген мағынада қолданылады. Бір шаңырақты көтеру үшін үш дінгек керек емес. Бір дінгекпен көтерген шаңырақтың жан-жағынан уықтар қадалып, оның беріктігін қамтамасыз етеді. Біздің алтын дінгегіміз, тұғырымыз – қазақ тілі, ал жан-жағынан өзге тілдер мемлекеттік тілді қолдап уық секілді қадалады. Бірақ кейбіріміз үштілділік үдерісі жөнінде басқаша көзқарас танытып жатамыз [2]. Мұның себебі осы бір сөздің мағынасын түсінбеуден келіп шығады. Бірқатары осы бағытты ұстануға оң көзбен қарап, құптаса, енді бірі өз қарсылықтарын білдіруде. Ия, расында да, ағылшын тілі қазақ жерінде өз үстемдігін жүргізе алмайды. Керісінше, сол тілдерді пайдалана отырып, өзімізді өзгелерге таныта білуіміз қажет. Мәселен, М.Әуезовтың «Абай жолы» романы ағылшын тіліне аударылмаса Абайдай ғажап ақынымызбен қалай мақтанар едік? Ағылшын тілін үйренгеннен біз мәңгүрттенбейміз. Ағылшын тілі - әлемдік бизнес тілі, мемлекеттік тіл – ұлт тілі. Мемлекеттік тілде сөйлеу - әрбір Қазақстан азаматының борышы. Ағылшын тілі қазақ тілін үйренуге ешқандай кедергі жасамайтындығын түсінуіміз тиіс.

Әлемдік ғаламдандырудың өткізгіші, ғаламдандыру тілі болып танылған ағылшын тілін білу - ағылшын тілді елдермен тиімді байланысқа түскен әлемдік деңгейде өз орнын ойып тұрып ала бастаған Қазақстан үшін қажеттілік. Қиындық туғызатыны - аталған үш тілді меңгерген мамандардың кездесе бермейтіні. Ендеше, аталған компоненттерден тұратын, яғни қазақ, ағылшын, орыс тілі қатысқан үштілділік сөйлермендерін дайындау кезек күттірмейтін мәселе. Мәселені түбегейлі шешу үшін Қазақстанның жоғары оқу орындарында ағылшын, қазақ тілінен маман болып шыққан қазақ тілді қазақ және басқа ұлт өкілдерін үштілділікке ыңғайлап қайта дайындаудан өткізіп, оларға үштілділік маманы деген құжат табыс еткен жөн.

Соңғы деректерге сүйенсек, Қазақстанда 98 амеркандық пен 81 ағылшын тұрады, амеркандықтардың 78-і ағылшынның, 71-і өз ұлтының тілін меңгерген. Бұл күллі тұрғынның 1 пайызын құрайды. Ұлт деңгейінде алсақ, ағылшын тілін меңгергендердің тең жартысын жергілікті қазақтар құрайды. Басқаша айтқанда, ағылшын тілін меңгерген қазақ саны – 53 743, бұл – ұлт арасындағы үлкен көрсеткіш және күллі қазақтың 0,7 пайызы деген сөз.

Ақпараттық техниканың дамыған заманында тілді үйрену қиындық тудырмайды, түрлі курстар мен бағдарламалар арқылы да тіл үйрену мәселесі дұрыс жолға қойылған. Қазақ тілінің мәртебесін түсірмеу үшін әр отбасында баланың тілі ана тілімен шығып, сонымен сусындауы шарт. Егер қазақ баласы өз отбасында қазақы рухпен тыныстап, ана тілінің нәрлі уызына қанып, ұлттық рухани тәрбиенің қайнар бұлағынан сусындап өссе, болашақта қанша тілді меңгеріп, қаншама елдің мәдениеті мен әдебиетіне қанықса да өз елінің ұлтжанды азаматы болары хақ. Өйткені бойына ана сүтімен, әке тәрбиесімен дарыған ана тілінің тағдыры мен мақтанышы ұяты мен ары болып қалатына кәміл сенемін. Алғашқы тәрбиені ана тілінде қабылдап, қазақы қасиетпен жетілген бала кейін қандай ортада жүріп, қанша тіл үйренсе де, өз тілін ұмытпайтын, ұлттық қасиетінен көз жазып адасып қалмайтын болады. Әлихан Бөкейханов сынды алаш арыстарымыздан бастап, кешегі Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан сияқты талай тарландарымыз қанша жерден Ресей топырақтарында білім алса да, сол империяның қысымында жүрсе де, ана тілінің идеологиясы мен мәртебесін ең жоғары орынға қойып, өз тағдырын ел, тіл тағдырымен байланыстырып, өз өмірлерін құрбан етуге даяр болғаны

дәлел. Екінші дәлел ретінде Жапон елін айтуға болады. Бала 12 жасқа келгенше шет тілімен, әдебиетімен, география мен тарихынан да еш мәлімет берместен, тек жапон еліне қатысты білім негіздерін берумен шектелетін көрінеді. Әлем елдерінің ішінде ұлтжандылығы, отан сүйгіштігі жағынан 1-ші орында болу себебінің тамыры осы саясатта жатқан сияқты.

Иә, көп тіл білу – әрине, мақтаныш. Әйтсе де өз ана тілінді аяқ асты ету тексіздің ісі. Ана тілін жақсы біліп тұрып, өзге тілде сөйлесе – бұл сүйініш, мақтаныш; ал ана тілін білмей тұрып, өзге тілде сөйлесе, бұл – күйініш, өкініш.

Үштілділік білім берудің саясаты – ағылшын идеологиясын сіңіріп, ағылшын болып өмір сүру емес, ағылшынның тілін үйрену арқылы әлемдік деңгейге көтерілу. Заман талабына жүгінсек, болашақ ұрпақтың ғылымның түрлі салаларының биігінен көрінетін білікті, дарынды тұлға болғанын қаласақ көреген саясаттың жүзеге асуына күш салуға тиіспіз. Өйткені ағылшын тілі – әлем мойындаған жаһандық тіл. Біз әлемдік аренаға шығу үшін ағылшын тілін жетік меңгерген мәңгілік Елге айналуымыз керек.

Әр кезеңнің өз талабы болады, мәселен, Кеңестер Одағы заманында орыс тілі – заманның кілті болды. Орыс тілін үйреніп, орыстардың өзін жаңылыстыратын жағдайға жеттік. Енді алдағы асу – ағылшын тілі. Адам көп тіл білген сайын оның көкірек көзі ашылып, өмірінің көкжиегі кеңіп, өрісі ұлғая түсетін болады.

Намысын найзаға шаншып, күре тамыры Көк бөріден нәр алған, Көк Тәңірге табынған Күлтегіннің ұрпағына бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру қиындық тудыра қоймас. Егер біз Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазақ тілін дұрыс жұмсай білсек, ол қоғамдағы тілге жүктелетін қажеттілігіміз болса өтеуге жарайтын бай тіл. Мәселе тілдің міндетін дұрыс түсініп, өз міндетімізді атқаруда болып отыр. Ұлттық өркендеп, тіліміз өз еліміздегі және халықаралық дәрежедегі позициясын нығайтқан кезде біздің сөздеріміз де өзге тілдерге енетіндігіне, тіліміздің әлемдік ақпарат кеңістігінен өз орнын иеленетіндігіне күмән келтірмеуге болады. Дәл бүгін де қазақ тілінің әлем тілдерінің ешқасасынан да кем түспейтін, бірнеше ғасырлық даму тарихы бар, ұлттық әдеби тіл деңгейіне дейін дамып жетілген ұлы тіл екендігіне еш күмән жоқ.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2007

[2] Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері,

[3] Әбдуәли Т. Үштұғырлы тілден түңілмейік // Жетісу, №31. 2008

[4] Тәңірбердіқызы Т. Ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес // Қазақ әдебиеті, №48. 2008